

**Жаңақорған ауданының аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық мөлшерлемелерін белгілеу туралы**

***Күшін жойған***

Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2017 жылғы 11 желтоқсандағы № 05-16/182 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 15 желтоқсанда № 6080 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2018 жылғы 23 сәуірдегі № 216 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 23.04.2018 № 216 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 422-бабына сәйкес Жаңақорған аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Жаңақорған ауданының аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық мөлшерлемелері белгіленсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған аудандық мәслихатының кезектен тыс XVII сессиясының төрағасы

Е.Ильясов

Жаңақорған аудандық мәслихатының хатшысы

Е.Ильясов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Жаңақорған ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы

Ж.Талас

2017 жылғы "11" желтоқсан

Жаңақорған аудандық мәслихатының 2017 жылғы 11 желтоқсандағы № 05-16/182 шешіміне қосымша

**Жаңақорған ауданының аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық мөлшерлемелері**

№	Салық салу объектісінің атауы	Айына тіркелген бірыңғай салық мөлшерлемелері (айлық есептік көрсеткіштерінде)
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4	Ойын жолы	5
5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК